

Әдістемесі Халықтан құндылықтар сатып алу жөніндегі тауартанушыларға арналған бағалы металдардан жасалған бұйымдарды, олардың сынықтарын және осы металдардың қорытпаларын сыннан өткізу

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігі 1994 жылғы 24 қарашадағы N 48. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1995 жылғы 8 маусымда тіркелді. Тіркеу N 69.

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Индустрия және сауда министрінің 2005 жылғы 26 қазандағы N 361 бұйрығымен .

-----Бұйрықтан үзінді-----

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 5 наурыздағы N 210 қаулысымен бекітілген Мемлекет Басшысының Қазақстан халқына 2005 жылғы 18 ақпанда Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпы ұлттық іс-шаралар жоспарын орындаудың Желілік кестесінің 58-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1 . М ы н а л а р :

1) Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 1995 жылғы 8 маусымда тіркелген "Асыл металдардан жасалған бұйымдарды, сынықтарды және қоспаларды сынамау және бағалау жөніндегі халықтан құндылықтарды сатып алу бойынша тауар меңгерушісіне арналған әдістеме" Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігінің 1994 жылғы 24 қарашадағы N 48 бұйрығының...

2. Осы бұйрық оның ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі .

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң
о р ы н б а с а р ы -
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
И н д у с т р и я ж әне с а у д а м и н и с т р і

Халықтан құндылықтарды сатып алуды зергерлік бұйымдар мен олардың сынықтарын саннан өткізу бойынша техминимум тапсырған тауартанушылар жүзеге асырады .

Тауартанушы-сатып алушы зергерлік бұйымдарға деген іс жүзіндегі стандарттар мен техникалық шарттарды зерделеп алуға тиіс.

Тауартанушы-сатып алушы өз жұмысында нормативтік құжаттарды

басшылыққа алып отыруға, сондай-ақ өзінің қызметін регламентациялайтын арнаулы нұсқамалармен танысуға тиіс.

Тауартанушы - сатып алушы тапсырушыға өзінің шешімін ойлап алуға мүмкіндік туғызу үшін ұсынылған бұйымдарды бағалау жөнінде алдын-ала консультациялар беруден бас тартпауға тиіс.

Бағалы металдардан жасалған бұйымдарды аспаптық әдістер мен химиялық реактивтерді қолдану арқылы сыннан өткізу.

Сатып алу пункттерінде бағалы металдардан жасалған бұйымдар мен олардың сынықтары бағалы металдардың сынамасына (метрлік немесе караттық) қарамастан қабылдана береді.

Бағалы металдарды сыннан өткізу үшін аспаптық әдістер де ("Спектор Х-тест" рентген спектрометрлері), химиялық әдістер де (химиялық реактивтер) қолданылады.

1. Бағалы металдардан жасалған бұйымдарды химиялық реактивтермен сынап к ө р у .

Барлық ұсынылған құндылықтарды таңбасына қарамастан химиялық реактивтерді пайдалану арқылы сыннан өткізуге болады.

Бұйымдар, анардың бөлшектері мен сынықтары боялған, ақталған, бағалы металл жалатқан, лас болып қалған немесе май тамған болуы мүмкін, сондықтан сыннан өткізу алдында оларды тазалау қажет.

Бұл мақсат үшін мына аспаптардың болуы қажет: шаберлер, надорильдер және майда кертікті егеулер. Қорытпадағы бағалы металл мөлшері бұйымның тазаланған жеріне тиісті реактивтің бір тамшысын тамызу (тамшыны пайдалану Әдісі) арқылы анықталады.

Сынама реактивтері дәлме-дәл құрамда болады және бұларды тек қана Қазақстан Республикасы ұлттық банкі мемлекеттік сыныптама бақылау инспекциясы дайындайды.

Жұмыста тамшылық Әдісті (химиялық реактивтер) пайдаланған кезде мыналарды есте сақтау қажет:

1. Реактивтерді пайдаланған-кезде химиялық күйікке ұшырап қалмау үшін реактивтердің тері мен шырышеті қабықтарға тиіп кетуінен сақ болу қажет.

2. Қолданылатын реактивтердің температурасы үй ішіндегі температурадай (18-20 С) болуға тиіс және реактивтердің әрбір жарты жыл сайын жаңартылып тұрылуы қажет.

3. Реактив құйылған әрбір кішкентай шыны сауыт жапсырмамен немесе оның мақсатын көрсететін жазбамен (583 сынама реактивті т.т) жабдықталуға тиіс.

4. Жұмыс реактивтері шыны таяқшалармен жабдықталған тамызғыштарға арналған шұңқырлар бар пеналдарда сақталады.

5. Реактивтер тұнбасыз болуға тиіс.

6. Запас реактивтер нығыздап жабылатын тығындары бар күнгірт шыныдан жасалған флакондарда сақталады.

Құнды металдардың қорытпаларын сыннан өткізуде мына төмендегі реактивтер қолданылады.

1. Алтынның қорытпалары үшін:

- хлорлы алтынның ерітіндісі - 600 сынамаға дейінгі алтын қорытпаларын сынап көру үшін;

- қышқыл реактивтері - 375, 500, 750, 900 және 958 сынамалы қорытпаларды сынап көру үшін.

2. Күмістің қорытпалары үшін:

- екі хром қышқылды калий ерітіндісі (хромпик) - 600 сынамадан жоғары күміс қорытпаларын сынап көру үшін;

- азот қышқылды күміс ерітіндісі - 50, 875, 916, 925, 960 сынамалы күмісті сыннан өткізу үшін;

- сынау жеріндегі алтынға арналған 500 С реактивті тамшылап қосқан екі хром қышқылды калий ерітіндісі _____ төмен сортты күмістің қорытпалары үшін.

3. Платинаның қорытпалары үшін:

- йодты калий ерітіндісі мен алтын қорытпаларына арналған 958 сынамалы реактив-платинаны сынап көру үшін.

Хлорлы алтын ерітіндісімен сынап көру

Реактивтің түрі сары, 600 сынамадан төмен бұйымдарды сынап көру үшін қолданылады, тамған жерінде әралуан ренкідегі дақтар қалдырады:

- 583/585 сынамалы алтында - ақтыл - қоңыр дақ;
- 500 сынамалы алтында - күңгірт-сағырт дақ;
- 375 сынамалы алдында-жасыл дақ;
- 333 сынамалы алтында-күңгірт-жасыл дақ.

Қышқыл реактивтерімен сынап көру

Алтын қорытпаларын сынап көру үшін 333, 375, 500, 750, 900, 958 сынамаларға сай стандартты қышқыл реактивтері белгіленген.

Осы реактивтер тиісті сынамалы алтын қорытпаларына әсер өткен жағдайда олардың беттеріне қара күрең реңкілі ақшыл дақ қалады. Ең төменгі сынамалы бұйымдарда қараю интенсивтілігі арта береді.

Күміс қорытпаларын сынап көру

1. Екі хром қышқылды калий ерітіндісі (хромпик):

- сынама 600 сынамадан жоғары күміс қорытпаларынан жасалған бұйымдар мен олардың сынығын сынап көру үшін қолданылады, күңгірт-қызыл дақ қалдырады, бұл орайда қорытпаның сынама 600 сынамадан жоғарылаған сайын дақтың интенсивтігі арта береді.

2. Азот қышқылды күміс ерітінділері - 500, 750, 800, 875, 916, 925, 960 сынама 600 сынамадан жоғары күміс қорытпаларын сынап көру үшін. Осы ерітінділерді қолданған кезде болар-болмас ақ-сұр қатпар пайда болады, оның қалыңдығы сынаманың төмендеуіне қарай сұрқылған түске дейін үдейді.

3. Осымен қатар сынама 600 сынамадан төмен бұйымдар хромпикпен бірге 500 сынама 600 сынамадан жоғары алтынға арналған реактивтің тамшысын сынауға түскен бұйымның бетіне тамызу арқылы сыннан өткізіледі. Хромпиктен пайда болатын қызыл қатпар сынама 600 сынамадан төмен күмістің бар екендігін көрсетеді.

Платинаны сынап көру

Зергерлік платина бұйымдары, әдеттегідей, 950 сынама 600 сынамадан жоғары қорытпадан жасалады. Қорытпаны сынап көру үшін йодты калий ерітіндісі қолданылады. 950 сынама 600 сынамадан жоғары платинаға реактив әсер етпейді, ал ақ алтын қорытпаларында ерекше күңгіртқоңыр дақ қалдырады. Осы жағдай платинаның қорытпасын ақ алтынның қорытпасынан айыра тануға мүмкіндік береді.

Бұл реактив Ni, Сч элементтеріне бай темір қорытпаларына әсер етпейді. Реактив жолағы еріп кетеді.

Палладийді сынап көру

Йодты калий ерітіндісі қолданылады: 850 сынама 600 сынамадан жоғары бұйымдарда ашық қызыл дақ қалдырады, 500 сынама 600 сынамадан жоғарыларда ашық қызыл-салыларда - ашық қызыл-сары дақ.

Стоматологияда қолданылатын тот баспайтын құрыш пен CrPd 750, CrPd 810 қорытпаларын сынап көру.

Сынап көру үшін йодты калий реактиві қолданылады. Реактивтің әсер етуінен:

- CrPd750 қорытпасында ашық қызыл - сары дақ пайда болады;
- CrPd 810 қорытпасында күңгірт - сұр дақ пайда болады;
- тот баспайтын құрышта дақ қалмайды.

Сүзгіш қағазбен реактивті алып тастағаннан кейін жоғарыда аталған қорытпаларда реактивтің күңгірт орны қалуға тиіс. Сыналып отырғандар бағалы емес металдар болып шыққан жағдайда сүзгіш қағазда қара дақ қалады.

Бұйымдардың кейбір түрлерін бағалаудың ыңғайын білу әдістері

1. Бағалы емес элементтері бар бұйымдар

а) үрілген (құр қуыс) бұйымдар - пышақтар, шанышқылар, сақиналар, сырғалар, білезіктер- ашылады және толтырғыш заттардан (канифорлы, бағалы емес металл) тазартылады;

б) көпүзбелі бұйымдар - шынжырлар, білезіктер:

- үзбелерін қосу үшін қолданылатын бағалы емес металдардан жасалған бөлшектерін (серіппелер, мұрындықтар, бұлықтар және басқалар) айырып алуға мүмкіндігі жоқ жағдайда салмақ кемітпесін жасау қажет (Кемітпелер кестесі - N 2 Қосымша);

б) бірнеше бөліктен құрастырылған бұйымдар сағаттардың корпустары, тұмарлар, сән түймелер, шылым сауыттары, әмияндар, опа салғыштар, әйелдер сөмкелері - бұндай бұйымдардың әрбір бөлігі сыннан өткізілуге тиіс, бағалы емес металдардан жасалған бөлшектері алынып тасталады немесе бағалы емес металға салмақтық кемітпе жасалады (кемітпелер кестесі N 2 Қосымша); сонымен қатар бұйымның әрбір бөлігі бірнеше жерден сыналып қабылданады;

в) қол айналар фотосуретке арналған кәсектер, хрусталь құмыралардың жиектері, ризалар, окладтар, шырақдандар, шамдалдар-бұйымдардан металл емес заттардан (шыны, ағаш, металл өзектері, майдың қалдықтары т.т.) немесе бағалы емес металдардан жасалған құрамдық бөліктері алынып тасталады құрамдық бөліктері мен жалпы салмағының арақатынасына қарай кемітпе жасалады.

2. Эмаль жалатқан және қарайтылған бұйымдар

Сатып алуға тамақ ішетін үстелді жабдықтауға арналған эмальді бұйымдар (шай және кофе қасықтар, ыстақан сауыттар, сәндік жиынтықтар және басқалар), сондай-ақ иконалардың окладтары, шылым сауыттар, рөмкелер, әтірлер мен иіс суларға арналған флакондар, тұмарлар ұсынылады - эмальға кемітпе эмаль жалатылған жерінің ауданына қарай әрбір нақты жағдайда жеке жасалады.

Қарайтылған суреті бар бұйымдардың қарайтуына салмақтық кемітпе жасалмайды.

Бұйымдардың кейбір түрлеріне баға қоюдың ерекшеліктері.

Тауартанушы - сатып алушы сатып алу пунктіне көркемдік немесе тарихи құндылық болып табылатын бұйымдардың да ұсынылуы мүмкін екендігін есте сақтай отырып, әрбір бұйымды жеке тұрғыдан бағалауға тиіс.

Революцияға дейінгі фирмалардың атақты шеберлерінің аты жазылған бұйымдарды бөлшектеуге немесе егеуге болмайды, сыннан өткізуді ұқыпты

түрде тәптіштеп теріс жағынан жасау қажет.

Аталған бұйымдар алдынала баға қойылғаннан кейін буылып-түйіледі және құндылықтардың сатушысымен есеп айырысу және одан әрі сараптамадан өткізілу үшін Қазақстан Республикасы ұлттық банкінің Мемқазынасына жіберіледі.

Құрастырылған білезіктер

Платина мен алтыннан, паладий мен алтыннан, күміс пен алтыннан жасалып шығарылады - әрбір бағалы металл бұйымдағы үлестік салмағы бойынша
б а ғ а л а н у ғ а т и і с .

Бұндай үлгідегі бұйымдарға, негізгі және қосымша таңбалар қойылады. Мысалға, 583 сынама (алтын) және 850 сынама (екі есе) паладий немесе 950
с ы н а м а - п л а т и н а .

Бағалы металдардың әрқайсысының салмағын анықтау үшін бұйым бөлшектенеді (мұражай құндылығы болып табылатын бұйымдарды қоспағанда).

Қаптамасы бағалы металдан жасалған білезіктер үзбелерде алтын немесе күмісті жұқа қабат етіп жалатқан бағалы емес металл жаншып қақталған - мұндай білезіктер бағалы мен металдың салмағын дұрыстықпен анықтауға мүмкіншілігі жоқтықтан сатып алынуға жатпайды.

Сағаттардың корпустары

Корпустарда таңба болмаған жағдайда Сыныптама бақылау инспекциясы бұйымның әрбір бөлігін сыннан өткізеді. Бағалы емес металдардан жасалған элементтеріне кемітпе жасалады мұрындықтарға, серіппелерге т.т. (Кемітпелер кестесі - N 2 Қосымша). Барлық бағалы емес металдардан жасалған ондай айырып алынатын бөліктер - құрсаудағы құрт пластинкалар, кептер, төлкелер және шендер - мүмкіндігі бойынша алынып тасталады, ал сағаттың тетігі құндылықтарды тапсырушыға қайтарылады.

Бұрын сағаттар платина алтыннан, паладий мен алтыннан жасалып құрастырылған корпустарда шығарылатын. Паладийден (ақ түсті) жасалған корпустың түбінде қысқартылған конус суреті мен "500" деген таңба бар.

Платинадан (ақ түсті) жасалғанының "950" деген таңбасы бар. Бөлшектерін айырып алып, баға қоюды бағалы металдың әрбір түрі бойынша жүргізуі қажет.

Шылым сауыттар, әмияндар, шиландар

Күміс бұйымдардың "2 қалпақшасымен" деген таңбалары барлары 750 сынамаға, ал "3 қалпақшасымен" деген таңбалылары 800 сынамаға сәйкес келеді.

Егер бұйым 835 таңбалы болса және 800 сынамалы реактивке төзімді келсе, оны 800 сынама бойынша қабылдау қажет.

Эмальді бұйымдарға эмаль жалатқан ауданына қарай салмақтық кемітпе жасалады. Сондай-ақ, егер жоғарғы қақпағының барлығы эмаль жалатқан болса, 6,0 - 10,0 гр. мөлшерінде кемітпе жасалуға тиіс.

Бұйымдардың резеңкелері мен жапсырмалары алынып тасталады және олардың орындары желімнен тазартылады. Бұл бұйымдар мұрындықтары бұзылмай алғашқы күйінде сақталуға тиіс Бағалы емес металдардан құйылған бөлшектеріне кемітпе жасалады. (Кемітпелер кестесі - N 2 Қосымша).

Қарайтылған бұйымдардағы қарайту суретіне кемітпе жасалмайды.

Опа салғыштар

Торын, айнасын, опаның қалдықтарын алып тастау қажет Бағалы емес металды табу мақсатында ішкі құрсау реактивпен сыналады. Жалғастырып тұратын мұрындыққа 0,5 - 1,0 гр. мөлшерінде кемітпе жасалады. (Кемітпелер кестесі - N 2 Қосымша).

Қол айналар

Бағалы металдан жасалған кәсекесі бағалануға тиіс, оны ашып, ішін толтырып тұрған затты алып тастау қажет. Сондай-ақ айнасы да алынып тасталады.

Фотосуретке арналған кәсекелер де осындай әдіспен бағаланады. әтір мен иіс сұйықтықтарға арналған эмальді флакондар.

Эмальға 1,5 - 2 гр. мөлшерінде кемітпе жасалады.

Әйелдер сөмкелері

Бірнеше қатар шығыршықтардан тоқылып кәсекеге бекітілген шиланды сөмкелерге аса назар аудару қажет, олардың "84" деген таңбасы кәсекеге қойылған әмиянның өзі әрдайым 875 сынамаға төзімді болып шыға бермейді (көбінесе шығыршықтар 750 және кейде 500 сынамалы күмістен жасалады).

Бірнеше үзбесін тазалап, реактив тамызу қажет.

Бұйымның басқа тазартылмаған бөліктеріне реактив жайылып кетпей тұрғанда реакцияға назар аудару қажет, өйткені бұйым күміс жалатқан немесе ақталған (яғни бағалы емес металдан жасалған) болып шығуы мүмкін.

Пышақтар, шанышқылар

Ас және орташа пышақтар мен шанышқылардың жүзі тот баспайтын құрыштан жасалады, ал саптары күміс болып келеді. Металдан жасалған жүзі

алынып тасталынды, бағалануға тек сабы ғана жатады. Жүзі сабына гипспен, цементпен, құммен, канифоль және басқа да заттармен мықтап бекітіледі. Жүзін сабынан шығарып алғаннан кейін канифольдің немесе басқа бір толтыратын заттардың қалдықтарына кемітпе жасалады.

Егер бұйым жаңа болып келсе немесе ескі заман шеберінің қолынан шыққан болса, оның тот баспайтын құрыштан жасалған жүзін қозғамай-ақ (тұтастығын бұзбай) баға қою жүргізіле береді. Жүзіне кемітпе жасалады.

Мысалға: Киев зауытының ас пышағы - 875 сынамалы күмістен жасалған сабының салмағы 27,0 гр; орташа пышақ сабының салмағы 17,0 гр.

Таллин зауытының ас пышағы - 916 сынамалы сабының салмағы 37,0.

Жұмыс практикасында сабы күміс фольгадан жасалған импорттық өндірістің пышақтары кездеседі. Күміс сабының салмағы мынадай:

- а) ас пышақтарының - 8,0 гр. - нан 10 гр. дейін;
- ә) орташа пышақтардың - 4,0 гр. - нан 6,0 гр. дейін.

Эмальді пай және кофе қасықтар

Эмальға өзінің алып жатқан алабына қарай кемітпе жасалады: егер сабында жануарлар мен құстардың суреті бар болса - кемітпе 0,8 гр; гүлдері болса - кемітпе 0,5 гр. Кофе қасықтардағы кемітпе 0,3 гр.

Қасықтардың эмаліне жасалатын кемітпені біле отырып, қасықтардағы эмальдің алабын (мысалға жануарлар суретімен) сатып алуға ұсынған бұйымның эмальмен боялған алабын салыстыру арқылы барлық бұйымдардағы кемітпенің мөлшерін есептеп анықтауға болады.

Қарайтылған суретті бұйымдар

Қарайтылған суреті бар бұйымдардың (ыстатқан сауыттардың, сәндік жиынтықтардың) қарайтуына кемітпе жасалмайды.

Дінге табынушылық заттары

Ризалар, иконаларды оклатары, крестер - мүмкіндігі бойынша алғашқы күйінде сақтап қалдыру (тұтастығын бұзбай).

Металдан жасалған өзектері бар шырақдандарда - кемітпе олардың көлеміне қарай (әрбір нақты жағдайда жеке) 20,0 грамнан 50,0 грамға дейінгі мөлшерде ж а с а л а д ы .

Шамдаларда кемітпе май мен парафиннің қалдығына 5,0 грамнан 10,0 грамға дейінгі мөлшерде жасалады.

Шынжырлар

Зергерлік шынжырлар алтыннан, платинадан және күмістен жасалған болады:

а) ж ұ қ а ү з б е л і ;

ә) і р і ү з б е л і ;

б) к ұ р қ у ы с т ы ;

в) борттық (сағат бауы ретінде қолданылатындар).

Шынжырлар әртүрлі құлыптармен, ілмектер және шпрингельдермен, сондай-ақ ішінде бағалы емес металдан жасалған серіппе орнатылған карабиндермен жабдықталған. Бағалы емес металға бұйымның жалпы салмағының есебінен кемітпе жасалады (Кемітпелер кестесі - N 2 Қосымша).

Құр қуыс шынжырларды қабылдауда оларды тесу, кесу және толтыратын заттардан тазарту қажет.

Мойынға тағатын құр қуыс шынжырлардың үзбелері қосылатын жерлеріне бағалы емес металл құйылады, оған бұйымның жалпы салмағының 1/3 мөлшерлерінде кемітпе жасалады. (Кемітпе кестесі N 2 Қосымша).

Шынжырларды сипаттауда түбіртекте олардың ұзындығын көрсету қажет.

Үзбелері әртүрлі сынамалы бағалы металдардан жасалған болғандықтан, сондай-ақ бөліктері бағалы емес металдардан болуы мүмкіндігінен шынжырлар бірнеше жерлерінен сыналып көрілуге тиіс.

Тұмарлар

Тұмарлар ашылатын (алтын немесе күміс), бұлықтары бар я бұлықсыз және портретке арналған құрсауы бар болып келеді.

Асыл тектес металдан жасалған құрсауы алынып тасталады, мұрындықтарына , 0,10 грамнан 0,30 гр. дейін кемітпе жасалады.

Сәнді түймелер

Беріктік үшін сәнді түймелерге қайықшасымен бірге құрыш пластинкалар салынады - бір жұп сәнді түймеге 0,60 гр. мөлшерінде кеміте жасалады. (Кемітпелер кестесі -N 2 Қосымша). "Калачи" және "Конго"үлгілеріндегі сырғалар мен печатка - сақиналар.

Бұл бұйымдардың асыл тектес металдардан жасалған бөлшектері бар - металл пластиналары. Бұйымдар ашылады, асыл тектес металл алып тасталады.

Тіс алтыны

900-сынамалы алтын қорытпадан жасалған бөлек коронкалар, жасанды тістердің қалыптары мен штампталған тістер тәрізді ескі жасанды тістер 750 - сынамалы дәнекерлеуші алтын қорытпасы бар болған жағдайда (Мемстандарт бойынша қолданылады) халықтан сатып алынатын бұйымдар мен олардың сынықтарындағы бағалы металдарға деген баға көрсеткішінде белгіленген бағамен 900/750 - сынама бойынша қабылданады.

Жасанды тістердің ілмектері мен кламмерлері реактив арқылы анықталатын, бірақ 750 - сынамадан жоғары емес сынама бойынша қабылданады.

ЗЛ - ПЛ - СРМ 750-90-80 қорытпасынан жасалған алмалысалмалы протездердің элементтері 900/750 - сынама бойынша қабылданады (қорытпаның құрамына 750 - сынамалы алтын, 900 сынамалы платина, 800 - сынамалы күміс ж ә н е м ы с к і р е д і) .

Бұл қорытпаның ерекше өзгешеліктері стандартты тіс алтынына тән ашық сары түстің болмауында. Бұл қорытпаның түсі лигатурасының құрамында платина бар болғандықтан ақшыл болып келеді. Реактивпен сынағанда бұл қорытпа 900-және 958-сынамаға төзімді. Осы қорытпадан жасалған ілмектер 900/750 - сынама бойынша қабылданады.

Егер қабылдау кезінде тіс протездері алтынның 900-сынамасына төзімсіз деп анықталған болса, оларды халықтан сатып алынатын бұйымдар мен олардың сынықтарындағы бағалы металдарға деген баға көрсеткішінің тиісті сынамасы бойынша қабылдау қажет (реактивтің көрсеткіштеріне қарай).

Тіс протездерін қабылдағанда сүйек немесе гипс тәрізді толтырғыш заттар алынып тасталады, ал құйылған тістер, егер олар қуыс болса, терең кесімді немесе ашылады, өйткені олардың ішіне асыл тектес металл я сұйықтық құйылған болуы мүмкін.

Бағалы металдардың суын жалатумен асыл тектес металдан жасалған тіс коронкаларын сатып алуға болмайды.

Тіске арналған дисктер

1. Платинадан жасалған дисктердің "жұмысшысының қалпақшасымен" деген таңбасы бар болады, бұлар 950-сынама бойынша қабылданады.

2. Алтыннан жасалған дисктердің 1958 - жылға дейінгілерінің ішіндегі жұмысшысының қалпақшасымен деген таңбасы барлары 916-сынама бойынша қабылданады, ал жұлдыздылары мен таңбасы жоқтары 900-сынама бойынша сатылып алынады.

Мәнәттәр

Алтын мәнәттердің сынамасын анықтауда мәнәттерді қырынан, алдыңғы және сыртқы жағынан терең кесуге тура келеді, сондықтан мәнәттер ақаулы болып қ а л а д ы .

Алтын мәнәттің сынамасын анықтаған кезде мәнәттің салмағына назар аудару қ а ж е т .

Толық бағалы алтын мәнәттерді салмағы мен қырының кескіні бойынша а й ы р у ғ а б о л а д ы .

Бағасы бес сомдық мәнәт 4,25 - 4,30 гр. тартады.

Бағасы он сомдық мәнәт 8,56 - 8,60 гр. тартады.

Бағасы он бес сомдық мәнәт 12,87 - 12,90 гр. тартады.

Жасанды мәнәттердің салмағы көбінесе төмендетілген болады, қырларындағы әріптер жұқа және қараға боялған, қырлары тым сырғымалы, ал толық бағалы мәнәттердің қырлары өткір болып келеді. 1881 жылға дейін шығарылған мәнәттердің бетінде портрет болмайды. Мәнәттерді олардың алдыңғы және сыртқы жағынан тұтастығын бұзбай скальпельмен қырларын тазалай отырып, ұқыпты түрде тәптіштеп қабылдау қажет.

Патшалық және советтік шекпенің бағасы 5, 10, 15, 20 тиындық күміс мәнәттер 500-сынама бойынша сатылып алынуға жатады. Бұл топқа қырларында бойлық кертiгi бар бағасы 5, 10, 15, 20 тиындық патшалық шекпенің мәнәттері кірмейді. Бұл мәнәттерді 750-сынама бойынша сатып алу қажет.

Алдыңғы бетінде қалқан ішінде мәнәт бағасының суреті бар советтік шекпенің ұсақ тиындары металдан жасалған болып табылады. Бағасы 50 тиындық және бір сомдық мәнәттерді күмістің 900-сынамасы бойынша сатып алу қ а ж е т :

а) советтік шекпенің мәнәттері,

ә) патшалық шекпенің алдыңғы жағында III-Александр мен II-Николайдың портреттері бар мәнәттер. Қалған күміс мәнәттердің барлығы, оның ішінде сомдықтар, елу тиындықтар, Петр I, Елизавета II және Екатерина II патшалардың дәуірінде шыққан мәнәттер 875-сынама бойынша сатып алынады.

Мәнәттердің жасандылары кездесетін болғандықтан, барлық мәнәттерді тұтастығын бұзбай ұқыптылықпен қабылдау қажет.

Бағасы 1, 3, 5 неміс маркаларын 500-сынама бойынша сатып алу қажет, ал поляк злотыйлары 750-сынама бойынша, қытай мәнәттері 875-сынама бойынша қабылданады.

Орындаушы:

N 1 Қосымша

Сынаманы ауыстыру кестесі:

Ескерту: 84 сынамалы күмісті сынақтан өткізу 84 сынамалы бұйымдардың көбісі 800 сынамаға төзімді екенін көрсетеді; сыннан өткізген кезде 500 сынамаға төзімді келетін 56 сынамалы алтын бұйымдар кездеседі, сондықтан бұндай жағдайларда реактивке қарау қажет.

Егер бұйымдарда 90 немесе 100 деген цифрлар болса, бұл осы бұйымдардың мельхиордан жасалғанын көрсетеді.

Егер бұйымдарда шеңбердің немесе квадраттың ішіне алынған 84 деген цифр тұрса және қасында қосымша атауы болмаса, бұл заттар жасанды, жалған болуы мүмкін.

А л т ы н

К ү м і с

метрлік	мысқалдық	караттік	метрлік	мысқалдық
1 0 0 0	9 6	2 4	5 0 0	4 8
9 5 8	9 2	2 3	7 5 0	7 2
7 5 0	7 2	1 8	8 0 0	7 7
5 8 3	5 6	1 4	8 7 5	8 4
5 0 0	4 8	1 2	9 1 6	8 8
3 7 5		3 6		9
3 3 3		3 2		8

1927 жылға дейін елімізде сынамалардың мысқалдық жүйесі қолданыста болады. Бұл жүйе бойынша таза алтын 96 сынамалы болып саналады. Алтынның сынамасы бір фунттағы мықалдардың (бір фунт 96 мысқалға тең) санымен көрсетілді.

Кейбір шетел мемлекеттерінде сынамалардың караттік жүйесі қолданылады.

Бұл жүйе бойынша таза алтынның сынамасы метрлік жүйенің 1000 сынамасы метрлік жүйенің 1000 сынамасына сай келетін 24 каратқа тең.

Мысқалдық және караттік сынамаларды метрлік сынамаға ауыстыру

мынадай ара қатыс қолданылады:

96 мысқал - 1000 (қорытпаның салмақ бөліктері) "а" (мысқалдық сынама) "х" (метрлік) Мысал: "а" = 56 (мысқалдық сынама), осыны "х"- метрлік сынамаға ауыстыру қажет. Бұл үшін мындай пропорция жасалады:

$$\begin{array}{rcl}
 & 100 & \times 56 \quad (" а ") \\
 " х " & = & \frac{\quad}{9 \quad 6}, \quad \text{осыған}
 \end{array}$$

Қарағанда "х" = 583, немесе мына формула қолданылады:

$$\text{Метрлік сынама} = \frac{125 \times \text{карат, сынамаға}}{3}$$

Ұқсас әдіспен сынамалардың караттік жүйесі метрлік жүйеге ауыстырылады.

Мысал: "а" = 14 (Караттік сынама), осыны "х" метрлік сынамаға ауыстыру қ а ж е т .

$$\text{"х"} = \frac{1000 \times 14}{2}, \text{ осыған } 4$$

Қарағанда "х" = 583

N 2 Қосымша

Отандық және импорттық өндірістердің алтын мен күмістен жасалған бұйымдарындағы асыл тектес металл мен канифольға жасалатын кемітпелер кестесі

Бұйымдардың түрлері

Асыл тектес металға
грамдық мөлшерде

жасалатын кемітпе

1. Ерлер сағаттарына
арналған браслеттер:

серіппелі	екі	созылмалы	
бөліктен тұратындар			0,5
серіппелі	төрт	созылмалы	
бөліктен тұратындар			1,0
серіппелі	алты	созылмалы	
бөліктен тұратындар			1,5

2. Әйелдер сағаттарына арналған браслеттер:

серіппесі бар екі созылмалы бөліктілер	0,3
-----"-----төрт-----"-----	0,6
-----"-----алты -----"-----	0,9
-----"-----сегіз-----"-----	1,2
-----"-----он-----"-----	1,5

-----"-----он екі-----"----- 1,8

"Крабы" деген үлгідегі браслет 0,3

3. Алтыннан жасалған шылым сауттар

басып тұратын пластинкалары барлары	4,0
басып тұратын пластинкалары жоқтары	1,8

мұрындықтылары	1,0
4. Күмістен жасалған шылым сауыттар	
басып тұратын пластинкалары барлары	6,0
басып тұратын пластинкалары жоқтары	2,0
мұрындықтылары	1,0
5. Борттық шынжырлар	
карабин мен шпрингельдегі серіппелер	0,3
6. Мойынға тағатын шынжырлар	
шпрингельдегі серіппелер	0,03
7. Ширатулы мойынға тағатын	
шынжырлар	
дәнекерленген металл қондырғысымен асыл бұйымның жалпы	
тектес металға кемітпе жасалды салмағының 1/3	
8. Алтыннан жасалған қалта	
сағаттардың корпустары:	
мұрындықтарына	0,3
мұрындықтар мен қысып тұратын	
тетіктеріне	1,0
шеніне	2,2
қақпағына	7,0
құрауы (серіппесі) алып тастау	
9. Алтыннан жасалған мойын	
сағаттардың корпустары:	
мұрындықтарына	0,4
шеніне	1,2
қақпағына	3,5
10. Күміс сағаттардың корпустары	
мұрындықтарына	0,5
11. Сөмкелер	
мұрындықтарына	2,0
Ломбардтарда бағалау барысында	
қолданылатын кемітпелер	
12. Әшекей браслеттер:	Канифольға жасалатын
	грамм мөлшеріндегі
	кемітпе
10 гр. және одан жоғарғы	7,0
14 гр. нан 18 гр-ға дейін	3,5
9 гр. нан 13 гр-ға дейін	2,0
7 гр-ға дейін	1,2

13. Шынжырлар:

19 гр. және одан жоғары	2,7
14 гр-нан 18 гр-ға дейін	1,5
8 гр-нан 13 гр-ға дейін	1,0
7-гр-ға дейін	0,8
14. Сәнді түйреуіштер	0,6
15. Сырғалар	0,6
16. Сәнді түймелер	0,6
17. Алқалар	0,3
18. Сақиналар	0,4

Ескерту: N 12-18 тармақшаларда аталып көрсетілген кемітпелер ломбардтарда іші қуыс бұйымдарды олардың тұтастығын бұзбай бағалауда қолданылады.

"Спектро Х-тест" рентген спектрометрлерін пайдаланумен бағалы металдарды сыннан өткізу

Зергерлік бұйымдар мен зергерлік қорытпалардағы бағалы металдардың мөлшерін аспап арқылы анықтау "Спектор Х-тест" рентген спектрометрінде жалғаусыз әдіспен жүзеге асырылады.

Спектрометрдің алтын қорытпалардағы алтынды, күміс қорытпалардағы күмісті, платина қорытпалардағы платинаны айыру бағдарламалары бар, сондай-ақ бұл спектрометр қорытпалардың құрамдас бөліктері болып табылатын күміспен мыстан шоғырлануын анықтайды.

Оператор бұйымның түріне сәйкес бағдарламаны таңдап алады да бұйымға талдау жасайды. Талдау бүтін бұйымның 0,5 мм. мөлшеріндегі шеңберінен аспайтын жеріне жүргізіледі (яғни бұйымның 0,5 мм мөлшердегі жекелеген бөліктерін талдауға болады).

Бұйымдардағы бағалы металдарды айыру дәлдігі бағалы металдардан дайындалған қорытпалар мен талдау әдістеріне деген Мемстандартқа сәйкес келеді және + 5 сынама тұрады.

Талдаулардың нәтижелері приборға құрастырылған сұйық кристалдық экранға немесе принтерге (қоса беріліп отыр) шығарылады. Приборға стандартты қорытпалардың тексерілетін үлгілері қоса беріледі. Прибор жазу үстелінің үстіне орналастырылады және жұмыс жасау үшін ешқандай арнайы жағдайды талап етпейді.

Талдаудың нәтижелері бір бұйымға деген сертификат немесе бірнеше бұйымға деген хаттама түрінде басылып шығарылады және сыннан өткізіліп отырған бұйымға қоса беріледі.

Тапсырылатын бұйымдардың барлығы "Спектро Х-тест" спектрометрінде жүргізілетін талдауға тартылады.

Прибором жұмыс істеу тәртібі жөніндегі нұсқамада баяндалған.

Бағалы металдардан жасалған бұйымдардың сынамасын анықтау әдістемесінің негізі етіп

"Бағалы металдардан, олардың тума кесектері мен басқа да құндылықтардан жасалған бұйымдардың және осы бұйымдар сынықтарының сынамасын тұтастықтарын бұзбай "Спектро Х-тест" рентген спектрометріне анықтау тәртібі туралы Нұсқаманы" алуға болады (N 3 Қосымша).

N 3 Қосымша

1. Жалпы ережелер

1.1. Нұсқама 1993 жылғы 26 сәуірде Мемқазынананың директоры бекіткен "Қазақстан Республикасы ұлттық банкінің Мемқазынасында құндылықтарды қабылдау, өңдеу, сақтау, беру және оларды есепке алу тәртібі туралы" деген нұсқама мен "Бағалы металдардан жасалған бұйымдар мен олардың сынықтарын және жартылай өңделген өнімдерді сыннан өткізу жөніндегі әдістеменің, сондай-ақ бағалы металдардың қорытпалары мен талдау әдістеріне деген 17233-71, 17235-71, 12563. 1-83, 12563. 2-83, 12562, 1-82, 2562-82, 12564, 1-83, 12564. 2-83, 12555, 1-83 12555, 2-82, 168821-71, 16882, 2-71, 16883, 1-71, 16883, 3-71, 16321, 1-70, 16321, 2-70, 1255, 1-82, 12556, 2-82, 12551, 1-82, 12551, 2-82, 12552, 1-77, 12552, 2-77, 12553, 1-77, 12553, 2-77, 12554, 1-83, 12554, 2-83, 12559, 1-82, 12559, 2-82 Мемстандарттардың негізгі ережелерінің ескерілуімен әзірленді .

1.2. Бағалы металдар-алтын, платина және күмістің сынамасын "Спектр Х-тест" маркалы рентген сектрометрінде бұйымның тұтастығын бұзбай тексеру әдісі тамшы мен сынамалайтын тас арқылы сыннан өткізу әдістерімен қатар қ о л д а н ы л а д ы .

Басқа әдістерге қарағанда бұл әдістің артықшылығы бағалы металдардан дайындалған қорытпалардың сынамасын бұйымның бүтіндігін бұзбай аспапты пайдалану арқылы айыруға мүмкіндік беретіндігінде.

1.3. "Спектро Х-тест" приборында жүргізілетін талдау арнайы жабдықталған үй-жайда қауіпсіздік техникасының ережелерін, құндылықтардың мүлтіксіз сақталуының шарттары мен тиісті нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарын сақтаумен іске асырылады.

1.4. Жұмысқа әзірлеу барысында прибор санитарлық-эпидемиологиялық станса мен Стандарттау орталығында тексерістен өткізілуге тиіс және оның пайдаланылуына рұқсат алынған болу керек.

1.5. Прибормен жұмыс істейтін сарапшыларды электр және рентген аппаратурасымен жұмыс істегенде сақталуға тиісті қауіпсіздік техникасы жөніндегі ережелермен таныстыру қажет, олардың приборды пайдалануда дағдылары болу керек және олар пайдаланудың ережелерін білуге тиіс, сондай-ақ олар бағалы металдардан, олардың тума кесектерінің және т.т. жасалған бұйымдар мен олардың сынықтарын сыннан өткізу жөніндегі жұмыстың тәртібін сақтауға тиісті.

1.6. Спектрометр зергерлік бұйымдардың 0,5 мм. мөлшеріндегі шеңберінен аспайтын жеріне талдау жүргізу арқылы олардың құрамындағы алтынның, күмістің және платинаның сынамасын анықтауға арналған.

2. Талдауды әзірлеу және өткізу тәртібі

2.1. Сарапшы құндылықтармен жұмыс істеу барысында талдауға жататын бұйымдарды дайындайды.

Бұйымдар спиртпен жуу немесе сұрту арқылы тазаланған болуға тиіс, олардың бетіндегі бөтен қоспалар мен тотықтандыру табын кетіріп тастау керек. Осы приборлардың 0,1 - 0,5 мм мөлшеріндегі тереңдікке дейін металға талдау жүргізуді қамтамасыз ететіндігін ескере отырып, қажет болған жағдайда талдауға дайындалынып жатқан бұйымның бетіндегі бір қабаты алынып тасталады. Бұл орайда бұйымдардың негізгі қорытпаларының сынамасын бұйымдардың дәнекерлеуші қорытпасы жоқ жерлерінен жүргізіледі.

2.2. Айқындап зерттеу үшін жинап алынған бұйымдар металдың түрі бойынша сорт-сортқа айырылады (алтын, күміс, платина) және осыған сәйкес, "Спектро Х-Тест" спектрометрін пайдалану жөніндегі нұсқамада көрсетілгендей, зерттеудің қажетті бағдарламасы таңданып алынады (алтын, күміс, платина, палладий).

2.3. Зерттелеуге жататын бұйымдардың габариттері прибордың жұмыс камерасының көлемінен аспайтын болуға тиіс және таңдап алынған нүктелерде талдау жүргізу үшін бұйымды еркін бейімдеуге кедергі жасамайтындай болуы қажет.

2.4. Сарапшы талдау жүргізу алдында бұйымның барлық жағын қарап шығады және оның күрделілігі мен талдау жүргізілетін нүктелерінің санын анықтайды.

2.5. Талдау жүргізу үшін бұйым арнаулы үстелшеге қойылады, бұл орайда оның талдау жүргізу үшін таңдап алынған нүктесі бар жағы мүмкіншілігінше колденеңінен орналастырылады. Сарапшы үстелшенің биіктігін өзгерте отырып, бұйымның талдануға тиісті жағын колиматорға тиістіре тақап қояды.

2.6. Жай бұйымдарға 3-5 нүктесінен талдау жүргізіледі, құранды бұйымдардың барлық құрамдас элементтері талданады, ал бағалы металдардың тума кесектері кемінде: нүктесінен сыналады.

2.7. Талдаудың нәтижесі болып 3-5 нүкте бойынша прибордың таблосына жазып шығарылған сынаманың орташаландырылған мағынасы қабылданады.

Құрамды бұйымды талдаудың нәтижесін алу үшін әрбір құрамдас элемент бойынша кемінде бір нүктеден алынған мәліметтер есепке алынады да орташа арифметикалық мағына есептеліп шығарылады, егер барлық элементтердің сынамасы болуы мүмкін ауытқулар шегінде бір тектес болып шықса.

№ 4 Қосымша

СПЕКТРО Х-РЕИ ИНСТРУМЕНТ

Х - ТЕСТ

Лаборатория		ПА	AU	30-11-93	1-бет	
Сынамасы	Шоғырлануы	күні	Уақыты	Өлшеу	Стандартты	Режим
				саны	ауытқулар	
AU	58.0%	30-11-93	12:21	1	0.000	0
AG	1.4%	30-11-93	12:21	1	0.000	0
CU	40.6%	30-11-93	12:21	1	0.000	0
AU	58.3%	30-11-93	12:32	1	0.000	0
AG	1.5%	30-11-93	12:32	1	0.000	0
CU	40.2%	30-11-93	12:32	1	0.000	0
AU	58.1%	30-11-93	12:41	1	0.000	0
AG	1.4%	30-11-93	12:41	1	0.000	0
CU	40.5%	30-11-93	12:41	1	0.000	0
AU	57.9%	30-11-93	12:45	1	0.000	0
AG	1.6%	30-11-93	12:45	1	0.000	0
CU	40.5%	30-11-93	12:45	1	0.000	0
AU	58.2%	30-11-93	12:49	1	0.000	0
AG	1.3%	30-11-93	12:49	1	0.000	0
CU	40.5%	30-11-93	12:49	1	0.000	0
AU	58.2%	30-11-93	13:04	1	0.000	0
AG	1.5%	30-11-93	13:04	1	0.000	0
CU	40.3%	30-11-93	13:04	1	0.000	0
AU	58.2%	30-11-93	13:07	1	0.000	0
AG	1.6%	30-11-93	13:07	1	0.000	0
CU	40.1%	30-11-93	13:07	1	0.000	0
AU	57.8%	30-11-93	13:13	1	0.000	0
AG	1.5%	30-11-93	13:13	1	0.000	0
CU	40.7%	30-11-93	13:13	1	0.000	0

AU	32.9%	30-11-93	13:19	1	0.000	0
AG	7.4%	30-11-93	13:19	1	0.000	0
CU	51.7%	30-11-93	13:19	1	0.000	0
AU	32.9%	30-11-93	13:24	1	0.000	0
AG	7.3%	30-11-93	13:24	1	0.000	0
CU	51.8%	30-11-93	13:24	1	0.000	0

С а р а п ш ы

Тексеруші

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК